

## Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі бойынша есеп айырысуды аяқтаудың тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1641 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебін аяқтау мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z933600\_ сәйкес қаулы етемін:

1. Есеп жүргізу нәтижесінде пайда болған шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты (кредит сальдосы) бірінші кезекте оларға бұрынырақта банктер мен қаржы органдары берген кредиттерді (жедел және уақыты өткен) және солар бойынша проценттерді өтеуге жұмсалсын.

2. Ақша көлемінің ұлғаюына жол бермеу мақсатында ішкі республикалық есеп бойынша кредит сальдосы бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақшалай қаражаты ішінара Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шұғыл айналыс вексельдеріне уақытша алмастырылатын болады деп белгіленсін.

3. Ішкі республикалық есеп бойынша дебет сальдосы бар кәсіпорындарға қысқа мерзімді кредит беру үшін сыртқы көздерден алынған валюталық түсімдер және I-тармақта көрсетілген ақша қаражаты пайдаланылсын. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне дебет сальдосы бар кәсіпорындарды кредиттеуге беретін үкімет кредитін өтеудің мерзімдерін дәлдеуге рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2-тармақта көрсетілген вексельдер шығаруды мынадай негізгі шарттар арқылы:

- вексельдің көрсетілген құнына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі оны шығару (алу) сәтінде есептелген бағам бойынша долларлық тең құнына 3 процент жылдық қосу;

- өтеу сәтінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі есептеген бағамы бойынша долларлық тең құнына сүйеніп, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің негізгі соманы және қосылған процентті теңгемен өтеу (сатып алу

) жолымен қайтаруы арқылы жүзеге асырылады;  
- вексельдерді шығаруды қағазсыз нысанда жүзеге асырылады;  
- заемды өтеудің (сатып алудың) шекті мерзімі 1995 жылғы 5 сәуір болып белгіленеді, бұдан ертерек мерзімдерде ішінара өтем жасауға мүмкіндік беріледі;

- бағалы қағаздар нарығында вексельдердің еркін айналысы негізінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Мемлекеттік кредитті өтеудің келешегін қарайтын мемлекеттік және жергілікті комиссиялар мемлекеттік қаржы бақылау және салық инспекциясы органдарымен бірлесіп шаруашылық жүргізуші субъектілер мен банктердің есебі бойынша төлемдер жасаудың дұрыстығына тексеріс жүргізілуін қамтамасыз етсін. Есеп жүргізу ережесінің бұзылғаны анықталған жағдайда тиісті шаралар қолданын.

6. Алдағы уақытта үкімет кредитінің есебінен ішкі республикалық есептер жүргізу тоқтатылсын.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бір апта мерзімде осы жарлықты жүзеге асыру жөніндегі шараларды санациялау мен банкрот рәсімдерін қоса отырып әзірлесін.

8. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар қабылданғанға дейін қолданылады.

9. Жарлық жарияланған күннен күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*